


Өзбекстан



ҚЖКБ Өзбекстаннан кетеді



Өзбекстан өкімет органдары БҰҰ-ны қылмыскерлер және терроршыларды жақтағаны үшін айыптады. БҰҰ қашқындар ісі жөніндегі жоғары комиссары Басқармасы (ҚЖКБ) Өзбекстандағы офисін жауып, өз өкілдерін кері шақырғанын хабарлады. ҚЖКБ өкілі Дженифер Пагонис, «Бұл шешім Өзбекстан басқармасының өтініші бойынша қабылданды, - деді. ҚЖКБ-ның 20-Наурыз мәлімдемесі бойынша, Ташкент басқармасы агенттіктің Өзбекстанда өз қызметін атқарғанын, бұдан соң өлкеде қалуларының керексіздігін айтып, өлкеден 1 ай ішінде кетулерін өтінген. ҚЖКБ, Андижан қаласында 2005 жылдың мамырында өкімет басқармасына қарсы халықтың бас көтеруінен кейін Өзбекстаннан қашқан босқындарға көмектесу үшін шақырылған еді. Тамыз айында 400-ден артық қашқын Ташкенттен келген наразылықтарға қарамастан Еуропада баспана тапқан.

1-тоқсанда Өзбекстан экономикасының өсімі 3,5% құрады

Өзбекстан үкімет басшысы Шавкат Мирзаевтың сөзінше, Өзбекстан экономикасының өсімі 2006 жылғы 1-тоқсанда 3,6% болды. Мирзаевтың айтуынша, өндіріс бұйымдары шығуы 6,8%, ауылшаруашылығы өнімі шығуы 4,5% - ға артты.

Тізусалалары және НРИ саласында 6,3% артты. Жалпы Ішкі Өнімнің болжамдық нақты өсімі 2006 жылда 7,2 процентке жетеді, өндіріс бұйымдары шығуы 9%, ауылшаруашылығы өнімі шығуы 5,2%, іргелі шығындар 7,5% артуы тиіс.

Өзбекстанда саудалық шектеулер

АҚШ үй тауықтары және жұмыртқа экспорты бойынша Кеңесінің Орталық Азия/Оңүстік Еуропа кеңесшісінің 2006 жылғы Наурызда Ташкентке соңғы сапарында, Өзбекстанға құс шаруашылығы өнімінің көпшілігі контрабанда жолымен енгізілгенін, ал импортерлар болса ешқайда тіркелмегенін байқаған. Бұның себебі Өзбекстанда импортқа өте жоғары салықтар алынғанына байланысты болуы мүмкін. Үкімет жергілікті өндірісшілерді қолдау мақсатымен өте жоғары салықтар енгізген. Алайда жергілікті өндіруші талапқа сай өнім бере алмауда. Кеңесші шетел сауда компанияларына мемлекеттік кеден декларациясы (МКД) толтыру қызметін көрсететін жеке меншік Консалтингтік компаниямен бірге жиналыс ұйымдастырған. Бұл жиналыста импортерлардың өз өнімін өлкеге енгізгенде төлейтін импорт бажы, ҚҚС және басқа жиымдар жөнінде мәлімденген. Бүгінгі күнде үй құсы етіне кеден ақысы астағы кестеде көрсетілген: ҚҚС әрдайым 20 %.

Өзбекстандағы үй құсы етіне кеден салығы:

Өнімнің аты	Коды	Кедендік құны (1 кг үшін)	Құжаттағы құнына қарай кеден салығы (1 кг үшін)
Сүйексіз тауық	020714100	\$ 0.75	30% , \$0.25-дан аз емес
Сүйексіз күркетауық	020727100	\$ 0.25	30% , \$0.25-дан аз емес
Тауық терісі	020714990	\$ 0.22	30% , \$0.25-дан аз емес
Күркетауық терісі	020727990	\$ 0.22	30% , \$0.25-дан аз емес
Тауық сан еті	020714600	-	30% , \$0.25-дан аз емес

Кеңесші Наурыз айында келгенде ӨР Ауыл шаруашылығы және су ресурстары Министрлігінің Мемлекеттік мал-дәрігерлік инспекторы Абдурасул Болтаевпен кездескен. Ол АҚШ кеңесшісіне құс тұмауы бойынша өлкедегі қазіргі жағдайды және аурудың таралуына қарсы қолданылған шаралар жайында хабарлады.




Келесі постерларды Өзбекстан мал-дәрігерлік Басқармасы жекеменшік шаруашылықта құс тұмауының таралуының алдын алу мақсатымен жариялаган.

Құрметті АҚШ үй құсы және жұмыртқаны сыртқа сату жөніндегі кеңесінің қатынасушылары!

2006 жылғы 25 -27 мамырда Қазақстанның Астана қаласында ITE Group бойынша ұйымдастырылған «АстанаФуд» («АгриХорт») есімді VIII Халықаралық Ас Көрмесі өткізіледі. Бұл көрме үкімет ресми өкілдерінің және астананың әртүрлі қоғамдары өкілдерінің назарын аударатын мейрам. АҚШ үй құсы және жұмыртқаны сыртқа сату жөніндегі Кеңесінің Орталық Азия/ Оңтүстік Еуропа Кеңесшісі де бұл Көрмеге қатынасады. “Астана Фуд” жөнінде нақты мағлұмат алу үшін біздің сайтқа кіріңіз: <http://www.astanafood.kz/en/2006> . Егер көрмеге қатынасқыңыз келсе, электронды хабар жіберіңіз bella_usapeec@yahoo.com. АҚШ Кеңесінің Орталық офисі Астана қаласында мекен-жай таңдауыңыз және бағалары жайында сізге көмекші бола алады.

Қазақстан



Алматыда құс тұмауының алдын алу мақсатымен Аймақтық халықаралық конференция өтеді

Қазақстан Төтенше жағдайлар министрлігінің бұқарамен байланыс жөніндегі бөлімінің хабарлауынша, Алматы қаласында 12-13 маусымда құс тұмауының таралуына жол бермеу шараларын қабылдау және аймақтық ықпалдастық жөнінде конференция өтеді. «Біздің жоспарлауымызша, конференция ҚР Денсаулық Сақтау Министрлігі және Азия жетістіру банкасы арасындағы келісімге сай өткізіледі. ДДСҚ, ЮСЕЙД, ЮНИСЕФ, ЦКЗ, Еурокомиссия, Дүниежүзілік Банк секілді халықаралық ұйымдар бұл конференцияға қатынасып, бір бөлігін қаржымен қамтамасыз етеді, - делінген баспасөз баянында.

Мағлұматқа қарағанда, конференцияға Өзбекстан, Қырғызстан, Түркменстан, Тәжікстан, Әзірбайжан, Ресей, Қытай және Монғолияның Төтенше Жағдайлар Министрлігі, Денсаулық Сақтау және Ауыл Шаруашылығы Министрліктерінің өкілдері қатысады Бұдан басқа, бас қосуға Тайланд, Филиппин, Голландия және АҚШ сарапшылары де шақырылған. Қазақстан ғалымдары құс тұмауына қарсы вакцина ойлап табумен айналысуда Жамбыл облысы әкімі баспасөз қызметі Жамбыл облыстық Зерттеу Институты ғалымдарының Американ еңбектестерімен бірге TADR есімді жобамен шұғылданып жатқанын хабарлады. Болжауымызша, ғалымдар құс тұмауына қарсы вакцина ойлап табумен айналысуда. Бұдан басқа, Қазақстан мамандары дәстүрлі шошқа обасы, қой және ешкі шешегі, жылқы тұмауы және басқа жұқпалы ауруларды зерттеу жұмыстарына да қатынасуда.

Қазақстандағы саудалық шектеулер

Үй құстарына (күркетауық, тауық және тауық сан еті) қойылған кеден салығы бірқалыпты, 0.15 евро/кг-ға тең. 2005 жылғы 10 маусымнан бері тауық сан етіне есеп-шот фактурадағы құнының 10% мөлшерінде қысқа мерзімді салық енгізілген. Бұл қысқа мерзімді салық кеден шығындарын жартылай азайтуға ықпалын тигізеді, алайда бұл шаралар тек 2006 жылдың маусымына дейін енгізілген. 2006 жылдың маусымынан кейін ескі кеден жүйесі өз қалпына келеді, осыған байланысты Қазақстанда 2006 жылғы көктем-жаз айларында тауық сан етінің бағасының 18-20%-ға артуы жобалануда. Соңғы бірнеше жылда жергілікті үй құсы өнімдерінің артқанын және бағаларының бәсекелес дәрежеге жеткенін есепке алсақ, алдағы күнде құс етін шет елдерден келтірудің азаятынын жоспарлай аламыз. Қазақстанда ҚҚС былай есептеледі құжаттағы құнынан 15% + кеден салығы + кеден жиымдары. Осылайша, кеден салығы артса, ҚҚС -тың да өсетінін көруге болады. Бүгінгі күнде импорт салығы әр кеден декларациясындағы бағаның 50% шамасына тең.

Қазақстанда құс тұмауы расталмады

Ауыл шаруашылығы Министрлігінің аймақтық бөлімшесі Қарағанды облысының Красная Нива ауылында 25 сәуірде 23 тауықтың қырылғанын хабарлайды Құс өліктері Алматы қаласының коммерциялық орталығы ұлттық зертханасына жіберілген. Алайда, өлген құста құс тұмауы вирусы табылған жоқ. ҚР Ауыл Шаруашылығы Министрлігінің эпизодикалық ауруларды бақылау бөлімі басшысы Талғат Әбілғазиннің айтуынша, «Қарағанды облысында жоғары патогенді 5N1 вирусы табылған жоқ». Талғат Әбілғазин сөзінше, малдәрігерлік қызметі мағлұматына қарағанда, бұл құстардың өлімі «үй тышқандарын дезинфекциялау шараларының өткізілуімен байланысты болуы да мүмкін». Басшының айтуынша, бүгінгі күнде қауіпті деп саналған 859 басты үй құсы бар, бұдан басқа өлкеде құстарды вакциналау шаралары 90% шамасында өткізілген.

Қазақстанда соңғы айда тек Каспий теңізі маңында өлген аққуда қауіпті H5N1 вирусы тіркелген. Өкімет басшылары теңіз жағасындағы басқа құстарды да вакциналау жөнінде бұйрық берген.

Тәжікстан



Тәжікстанның Темурмалик облысында үш айда 273 құс өлді

Кулоб Ауыл Шаруашылығы Департаменті бас мал маманы Дж. Амиршоевтың сөзінше, Хатлон облысының Темурмалик ауданында жекеменшік қожалық және құс шаруашылығымен айналысқан ауылдарда қаңтар-наурыз айларында 273 құс өлген. Облыста құс тұмауы тіркелмеді. Жауапты органдар әр деректі тексеріп, ақпарат жинап анықтап білуде. «Қазіргі жағдай қауіпсіз деп саналады, былтыр осы айлар ішінде Темурмаликте 349 құс және 446 малбасы өлген», - деп хабарлады бас мал маманы.

Дүниежүзілік Банк Тәжікстанда құс тұмауы расталған жағдайда 1,5 \$ млн қаржы айырады.

Тәжікстан Республикасы ДДСҰ өкілі Нәзира Артықованың айтуынша, Тәжікстанда құс тұмауы диагнозы расталған уақытта Дүниежүзілік Банк 1,5 \$ млн қаржымен қамтамасыз етеді. Тәжікстанда 2 апта бұрын құс тұмауы байқалған, алайда өкімет басшыларының айтуынша, бұл тұмаудың бастауы адамдарға да көшетіндей жұқпалы ауру емес.

Қырғызстан



Қырғызстандағы құс еті импорты жүйесі

Бүгінгі күнде Қырғызстанда үй құстары үшін кеден салығы құжаттағы құнының 15 процентін құрайды. Қырғызстанда ҚҚС 20% 1 \$ 42 қырғыз сомына тең.

Құс тұмауы үй құсы еті саудасына қауіп туғызуда.

Қырғызстан тұрғындары көрші Қазақстан мен Қытайда байқалған құс тұмауына байланысты жергілікті құс шаруашылығы өнімдерінен бас тартуда.

Бішкек каласы Ош Орталық Базарының қызметкері Гусюна Аитбаеваның сөзінше: «Бұл жағымсыз хабарлардан кейін бізге құс өнімдерінің бағасын түсіруге тура келді. Сұраныс та азайды, алушылардың сапасы да өзгерді. Бұрын құс етін алуға шамасы жетпеген кісілер қазір біздің өнімді ала бастады, ал орта шамалы және ауқатты кісілер құс етінен бас тартты». «Алушылар жұмыртқадан да қауіптенеді, ең қорқыныштысы – бұл жағдай әлі де жалғасуда»-деп шағынады сатушылар.

«Біз күн сайын супермаркеттерде 200 құс шамасында сататын едік, ал қазір 15 құс әрең сатылады. Жұмыртқаны да ешкім алмағасын сатпаймыз»-дейді жергілікті құс шаруашылығы компаниясы қызметкері. Бұқарамен байланыс қызметтерінің бұл тақырыпты үлкейтуі жергілікті шаруаларды тітіркендіреді, ал кейбіреулері ешқандай қауіп болмағанына сенеді. Сауданың азаюы қазірдің өзінде біршама жанұяның шаруасына және күн көруіне қауіп туғызуда. «Біз жұмыртқа, сүт және тауық етін сатумен күн көрудеміз. Тауықтарым ауырып қалса, одан кейін не істеймін, білмеймін-дейді Бішкекте жергілікті бір сатушы. Әзірге ешбір құс тұмауы байқалмаған, халық болса үкімет басшыларының керек уақытта құс тұмауы инфекциясын таба алатынан күдіктенеді. «Біз құстарды тек көзбен қарап тексереміз, -деп білдірді Ош базары ет өнімдерінің санитарлық инспекциясына жауапты бас малдәрігері. Айтпай Машрапов. -Біздің қолымызда құс тұмауын уақытында айыра алатын қымбат құрал-жабдық жоқ». Ол базардағы барлық ет өнімдерінің таза екендігіне сендірді. Өкімет органдары қауіпті саналған аймақтардан келген құс өнімдерінің транзит және экспортына тыйым салды, бұл шара біршама айқай-шуға себеп болды. Кеденде өз кезегін күтіп, 30 шақты

контейнер 3 ай уақыт өткізген. Премьер-министр орынбасары Адахан Мадумаров бұл контейнерлердің иелері айтуынша АҚШ және Бразилиядан келгенінен күдіктенгенін білдірді. «Бұл өнімдердің орта жолда Түркия, Қытай немесе Қазақстанда жаңадан оралмағанына кім кепілдік бере алады?»-деп білдірді ол өз пікірін. Эксперттердің байқауы бойынша, Шу және Ыстықкөл аймағындағы мыңдаған өзен--көлдерге маусымдық құстардың ұшып келуі тұрғындар үшін қатер туғызуда. Ұлттық малдәрігерлік қызметі басшысы Талантбек Ұзақбеков «ең басты міндет- мал дәрігерлерін және қоғамды бұл аурудың етек алуына дайындау екендігін білдірді. Біз құс тұмауы байқалған жерлерде техниканы қоса толықтай карантин енгізуге мәжбүр боламыз»-деді ол. Дүниежүзілік Банк, құс тұмауының таралуына жол бермеу жөніндегі ұлттық жоспардың жасалуы және енгізілуі мақсатымен 6,4 миллион АҚШ доллары бөлінгенін растады. Егер диагноз дұрыс болса, біз ол аймақтан барлық құсты жинап, сараптаймыз. Халықтың құстарын жасырып қалу мүмкіндігін де есепсе алып, Қырғызстанда құс тұмауына жол бермеу өтемақысы программасын да дайындаудамыз. Осылайша Қырғызстан құс тұмауына жол бермеу шараларына қаржылай көмек алған бұрынғы ССРО өлкелері ішінде бірінші, ал дүниеда екінші ел болады. -Бұл шаралар Қырғызстанның басқаларға қарағанда қауіпті болғанынан емес, жәй өкімет басшылары елді пандемия қаупіне дайындауға ниетті,-деп Дүниежүзілік Банк денсаулық сақтау маманы Әсел Сарғалдақова хабарлады және қаржының денсаулық сақтау, ауылшаруашылығы салаларына бөлінетінін білдірді.